

**2022 жылға Батыс Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялау туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 38 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 наурызда № болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 тіркелген) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылға Батыс Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Г. Искалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2022 жылғы  
17 наурыздағы № 38 қаулысына  
қосымша

**2022 жылға Батыс Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. Субсидиялар көлемдері жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2022 № 258 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

--	--	--	--	--	--

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия лар норматив тері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	193 577	1 935 770
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	54 842	822 630
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	2 263	226 300
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	5 317	797 550
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
4.1	Отандық	сатып алынған бас	150 000	12 190	1 828 500
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	1 050	236 250
4.3	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300 000	300	90 000
	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою				

5.	куаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	4 630 715	926 143
----	---	----------------------------	-----	-----------	---------

Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы

6.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
6.1	Отандық	сатып алынған бас	200 000	420	84 000
6.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	367	82 575
6.3	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		400 000	400	160 000
7.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
7.1	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	30	1 346 501	40 395,03
7.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20	1 610 086	32 201,72
7.3	А у ы л шаруашылығы кооперативі		20	1 037 500	20 750

8.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	3 200	16 000
Етті құс шаруашылығы					
9.	Құс етін өндіру құнын арзандату				
9.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	60	3 000 000	180 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
10.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	470 000	28 200
11.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады) *	өткізілген дана	3	88 641 000	265 923
	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5				

12.	миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)		3	55 993 300	167 979,9
<b>Қой шаруашылығы</b>					
13.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
13.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	31 225	124 900
13.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	171 980	429 950
14.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	11 466	171 990
15.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	30	300
16.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың е р к е к дарақтарының құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	11 960	35 880
<b>Жылқы шаруашылығы</b>					
17.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	148	14 800
<b>Балара шаруашылығы</b>					
	Балара ұяларымен селекциялық				

18.	және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	1 000	5 000
2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялаудың резервтегі (күту парағындағы) субсидиялар көлемдері					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	707	7 070
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	29	2 900
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	2	300
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
4.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болады)				
4.1	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	1,1	1 482 136	1 630,35
Барлығы					8 735 888

\* Республикалық бюджет қаражаты есебінен